

Шектеу іс-шараларын тоқтату және "Тарбағатай ауданы Көкжыра ауылдық округінің "Боздақ" қыстағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы Көкжыра ауылдық округі әкімінің 2015 жылғы 20 тамыздағы № 22 шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы Көкжыра ауылдық округі әкімінің 2022 жылғы 8 қыркүйектегі № 17 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 9 қыркүйекте № 29503 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына, "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-1-бабы 8) тармақшасына сәйкес және Тарбағатай ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық - санитариялық инспекторының 2015 жылғы 28 қазандағы № 625 ұсынысы негізінде ШЕШТІМ:

1. Жабайы мысық құтырық ауруы ошақтарын жою бойынша кешенді ветеринариялық іс - шаралар жүргізілуіне байланысты Тарбағатай ауданы Көкжыра ауылдық округінің "Боздақ" қыстағының аумағында белгіленген шектеу іс - шаралары тоқтатылсын.

2. Тарбағатай ауданы Көкжыра ауылдық округі әкімінің 2015 жылғы 20 тамыздағы № 22 "Тарбағатай ауданы Көкжыра ауылдық округінің "Боздақ" қыстағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4159 болып тіркелген) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. "Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы Көкжыра ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімнің Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешім ресми жарияланғаннан кейін Тарбағатай ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

5. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Көкжыра ауылдық округінің әкімі

М. Суйесинов